

ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ САБАҚ ӨТКІЗУ ӘДІСТЕРІ

Мадимарова Г.С., Сулейменова Д.Н. - әл –Фараби атындағы ұлттық университеті,
Құдайберген С. А. - 2- курс студенті әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
География және табиғатты пайдалану факультеті,
Картография және геоинформатика кафедрасы

Мақалада қазіргі уақыттағы университетіміздің білім беру жүйесі, білім беру әдістері жайлы зерттеу жұмыстары баяндалады. Шет елдік университеттермен салыстыра отырып, студенттердің пікірлері ескеріліп, өз ұсынымыз ұсынылады.

Әдіс дегеніміз не? Әдіс – оқу-тәрбие жұмыстарының алдында тұрған міндеттерді дұрыс орындау үшін оқытушы мен студенттің бірлесіп жұмыс істеу үшін қолданатын тәсілдері. Әдіс арқылы мақсатқа жету үшін істелетін жұмыстар ретке келтіріледі. Оқыту әдістері танымға қызығушылық туғызып, оқушының ақыл-ойын дамытады, ізденуге, жаңа білімді түсінуге ықпал етеді.

Оқытуда ең басты нәрсе – студенттің танымдық жұмыстары. Оқыту әдістері ең анық фактілерді білуді қамтамасыз етеді, теория мен тәжірибенің арасын жақындатады.

Тәсіл – оқыту әдісінің элементі. Жоспарды хабарлау, студенттердің зейінін сабаққа аудару, ақыл-ой жұмыстары тәсілге жатады. Тәсіл оқу материалын түсінуге үлес қосады. Оқыту әдістерінің басты қызметі - оқыту, ынталандыру, дамыту, тәрбиелеу, ұйымдастыру.

Ал, қазіргі ЖОО орындарында оқытушылар қандай әдісті қолданады? Әрине, әр оқу орынының сабақ өткізу әдістері әр түрлі. Жай ғана мысал ретінде өзіміздің Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін алайық. Сабақ дәріс, семинар, зертханалық жұмыстардан тұрады. Одан қалса, студенттің өзіндік жұмысы, студенттік оқытушысыз өзіндік жұмысы тағы бар. Сабақ өткізу әдістеріне тоқталмас бұрын, білім беру жүйесіне тоқталғанымыз дұрыс. Себебі, бірінші білім беру жүйесі қалыптасады. Ары қарай, сол жүйеге негізделе отырып, әдіс жасалады.

Білім беру жүйесі бұл әлемдік деңгейдегі ең бір қуатты күш болып табылады. Білім, ғылымды өзге елден іздеп, ой-өрісін кеңейтіп, ғылыми жаңалық ашқан ірі ғұламаларды тарихтан білеміз. Қазақтың даласынан шығысқа және батысқа қарай білім алуға ұмтылу ертеден қалыптасқан үрдіс. Оған өзге елде білім алған ертедегі Анахарсис философ, орта ғасырдағы әл-Фарабиден бастап кейінгі ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларынан, бүгінгі «Болашақ» бағдарламасы бойынша білім алған жастарымызды атап өтсек болады. Ортағасырлық ойшылдар білімді іздеу қасиетті жол деп санаған. Бүгінгі заманның талабы бойынша білім бұл қоғамның дамуы мен адами ресурстардың тиімді қолданылуы, жеке тұлғалық қабілеттілік пен оның кәсіби ортада өз орнын табуға апаратын жол ретінде қарастырылады. Сондықтан жеке адамның сапалы білім алатын орнын таңдау құқысы бар. Қазақстанның университеттердің арасынан алғашқылардың бірі болып әл-Фараби университеті әлемдік университет тәжірибесін тиімді қолдану бағытын

ұстануда. Бұл бір университеттің білім беру жетістігін мемлекеттің ішкі даму деңгейінің көрсеткіші ретінде қарауға болады. Әлемдік жоғары білім беру жүйесі-бұл ірі мемлекеттердің өзара бәсекелестік алаңы. Ұлттық экономика, саяси ахуал, мәдени өмірі - жоғары білім беру жүйесінің ортақ шарттарын анықтайды. Бұл бәсекелестікте алдыңғы қатарлы мемлекеттер 100 млрд. доллар айналымын ұсынады. Жоғары білім берудің сапалық деңгейі және оның тиімділігі осы елдердің білім беруді экспорттауда өзара тартысқа түсудегі ықпалы зор. Әрине бұл елдер арасындағы қоғамға жаңа ықпалдастық жолын ұсыну ретінде қарастыруға да болады. Жоғары білімді экспорттауда әр елдің өзіндік мүддесі болуы заңдылық. Осындай ахуалда әл-Фараби университеті әлемнің ең озық жоғары оқу орындарымен келісім жасап, олардың білім беру үдерісіндегі тәжірибесін қолдануға және барынша бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда басты шарт ретінде қарастырады. Біздің университетіміз Халықаралық университеттер Ассоциациясының мүшесі және Еуразиялық университеттер Ассоциациясының ұйымдастырушысы. Орталық Азия мемлекеттері мен Қазақстан ЖОО арасында тұңғыш болып Болон қаласында Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойды, ИСО 9000:2000 халықаралық стандарттар талабы негізінде сапа менеджмент жүйесіне сай (СМЖ) халықаралық сертификаттаудан жемісті өтті және IQNET Халықаралық сертификаттау жүйесі сынды ең ірі әлемдік сертификаттау орталығының куәлігін иеленді. ҚазҰУ бүгінгі таңда әлемнің 25 мемлекетіндегі 400-ден астам ірі университеттерімен жемісті әріптестік жүргізуде. Білім және ғылым саласында іс жүргізетін шетелдік кәсіпорындармен 340 келісімшарт жасалған. ҚазҰУ-дың 2014-2015 оқу жылдарында қазақ, орыс тілдерімен қатар, ағылшын тілінде 36% бакалавриат бөліміндегі мамандықтар, 46% магистратура бөліміндегі мамандықтар білім алуда. Оны жүзеге асыруда шет ел университеттерінен шақырылған профессорлар мен университетіміздің оқытушы-профессор құрамы өз үлестерін қосуда.

Университетте білім беру ісі Болон реформасына сәйкес жүргізіледі, оқытудың кредиттік жүйесі толық күшіне енген, оқу үдерісінің жапсырмасыз ашықтығы, білім алушылардың академиялық ілкімділігі, «бакалавр – магистр – PhD» түрінде үш сатылы мамандар дайындау қамтамасыз етілген. Университеттің жаңа даму кезеңінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың жаңа Академиялық саясаты іске асырылды, білім тексерудің қуатты корпоративтік Интранет жүйесі жолға қойылды.

Енді шет елдік университеттердің бірін қарастырайық. Әлем бойынша білім беру жүйесі үлкен талқылауға және өзгеріске түсіп отыр. Реформа бойынша алдыңғы орында Сингапур қала-мемлекеті болып табылады. Ол жерде мектептегі мұғалімдер үлкен абырой мен жалақыға ие. 35% университет бітірушілер мектепке мұғалім болып барады. Сингапур оқушылары 11 күн ғана демалып сабақ оқиды.

Негізінен, әр оқушыны өмір бойы білім алуға мотивация береді, жаңа технологияларды тез меңгеруге, кәсіпкерлік негіздері мен әр сөзі мен ісіне жауапкершілікпен қарауға үйретеді. Сабақ өткізудің әдістері көбіне білімгерді ғылымға шақыру, мотивация беру сияқты әдістер.

Ал біздің жүйемізде ше? Ол студенттерге қаншалықты тиімді? Осы мақаланы жазу барысында студенттер арасында сауалнама жүргізген болатынбыз. Студенттердің 60% бұл білім беру жүйесі тиімді деп бағалады. Дегенмен, студенттер оқытушылар білім беру әдісін жаңартса, жана бағытта болғанын қалайтындарын білдірді. Басым көпшілігі сабақтың ұзақ дәріс оқып түсіндірілуін емес, көбіне слайд, видео, пікірталас ретінде түсіндірілуін қалайтындарын білдірді. Семинар, зертханалық жұмыстары бар екені белгілі. Бірақ, бұл сабақтар студенттің тапсыратын жұмыстары. Ал, дәрістер слайд, видео, пікірталас ретінде өтсе, студенттің ұйқысы емес, сол тақырыпқа деген қызығушылығы оянар еді. Ал, 40% студент бұл жүйені тиімсіз деп көрсетті. Себебі, білім беру жүйеміздің түсініксіздігін, қолайсыздығын айтып, өз пікірлерін білдірді.

Оқытушылар болашақ ел азаматтарын тәрбиелеуші. Студенттерге бағыт-бағдар беріп, ғылымға деген қызығушылығын оятса, елімізден талай ғалымдар шығатынына күмән жоқ. Тек біздің білім ордасында ғана емес, еліміздегі барлық университет, колледж, мектеп т.б. білім ордаларында бір нақты жүйеге келтірілген білім беру жүйесі қалыптасса және соған орай, оқытушыларымыз оқыту мен тәрбиелеудің жаңа үлгідегі әдістерін қолданса, еліміздең білім деңгейі әлемдік деңгейге көтеріледі деп ойлаймын.

Қазіргі таңда білім беру саласында әлем мемлекеттерінің озық тәжірибесін зерттеу, озық тәжірибенің қажеттісін өз мемлекетіміздің білім беру саласына енгізуіміз заман талабы. Сол білім беру жүйелері, жастарға білім беру әдістері халқымыздың ұлттық салт-дәстүріне, мәдениетіне, экономикасына және саяси өміріне негізделіп іске асырылады деп ойлаймыз.

Біздің елімізде шетелдің білім беру жүйесі негізінде білім беру мәселелері де жолға қойылып келе жатыр. Еліміздің экономикасы мен әлеуметін көтеретін жастардың білім алу жолдары заман қажеттілігі сай даму қажет. Себебі, бүгінгі жас ұрпақ – ел ертеңі!

Әдебиеттер тізімі

1. <http://jas.kz/> - Сингапурдың білім беру жүйесі
2. kitaphana.kz - Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі